

## 11 дәріс. Европадағы ерекше музейлер

**Мақсаты:** студенттерге Европалық ерекше музейлердің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

### Дәрістің жоспары:

1. Дания. Копенгаген. Мемлекеттік өнер музейі. Швейцария. Цюрих. Кунстхаус
2. Швеция. Стокгольм. Орта ғасыр музейі, Ұлттық музей
3. Ирландия. Дублин. Ұлттық галерея.
4. Бельгия. Брюссель. Прага. Ұлттық галерея.
5. Венгрия. Будапешт. Көркемөнер музейі. Польша. Варшава. Ұлттық музей.

**Кілт сөздер:** Кунстхаус, дублин, музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

*Дания. Копенгаген. Мемлекеттік өнер музейі.* Даниядағы бұл ірі музей дат корольдарының коллекциялары негізінде құрылып, ғимараты 1889-1896 жылдары архитекторлар Далеруг пен Меллердің жобасымен салынған. XVI ғасырда дат королы Кристиан I Альбрехт Дюрерден оның графикалық жұмыстарының коллекциясын сыйға алған. Музей қорында XVI-XX ғасырлар аралығындағы дат гравюрасы, 9000 картина мен мүсін, 300000-нан аса графикалық жұмыстар жинақталған. Экспозицияда итальян қайта өркендеу дәуірі (Андреа Мантенья, Тициан, Якоп Тинторетто, т.б.), нидерландық, голландық, фламандық мектептер (Үлкен Питер Брейгел, Рембрандт, Франс Хальц, Питер Пауль Рубенс, т.б.); XIX ғасыр шеберлері (Кристофер Вильгельм Экерсберг, Кристен Кобке, т.б.) туындылары қойылған.

*Швейцария. Цюрих. Кунстхаус* 1910 жылы негізі қаланған қаланың Хаймплац орталығында орналасқан, XVIII ғасырдың аяқ кезінен бастап жиналған коллекцияны құрайтын ірі музей. Коллекция жинағы Ортағасырлық мүсіндер, алтарлар, көркемсуреттер, гравюра, фотосуреттер қорын экспозициялаған. Импрессионистер мен постимпрессионистер Поль Сезан, Винсент Ван Гог, Клод Моне, экспрессионистер Эрнст Людвиг Кирхнер, Макс Бекманн, Ловис Коринт, Оскар Кокошки, Эдвард Мунка, XX ғасыр суретшілері Пабло Пикассо, Анри Матисс, Марк Шагал, Марк Ротко, Курт Швиттерс, Сая Твомбли, Йозеф Бойс, Георг Базелиц, Фрэнсис Бэкон жұмыстарын және швейцар суретшілерінің коллекциясы, швейцарлық суретші әрі мүсінші Альберто Джакометти жұмыстары қойылған.

*Швеция. Стокгольм. Орта ғасыр музейі* – 1978-1980 жылдары ортағасырлық Стокгольмға жүргізілген археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған заттар негізінде ортағасырлық қаланың қалыптасуы мен дамуын көрсету мақсатында құрылған. Музей жер астынан 22 метр тереңдікте жасалған, аумағы 1800 м<sup>2</sup> жерді алып жатыр, 850 экспонат қойылған. Музейге 350 жыл бұрын салынған туннель арқылы барады. Музей 1988 жылы European Museum of the Year Award атағына ие болған.

*Стокгольм. Ұлттық музей* – 1866 жылы құрылған. Музейде картина, мүсін, гравюра, суреттер, қолданбалы өнер бөлімдері жұмыс жасайды. Музей экспозициясында XVII-XVIII ғасырлардың голланд, фламан, француз, швед суретшілерінің бай коллекциясы қойылған. Қолданбалы өнер туындыларының саны - 30000 экспонат. Олардың қатарында фарфор, шыны, ас үйлік күмістер, жиһаздар бар. Музейде «Жаулап алу өнері. Александр I. Карл XIV Юхан. Наполеон», «Қара-ақ түсті Бернадоттар» сияқты тарихи тақырыптағы көрмелер өтіп тұрады.

*Ирландия. Дублин. Ұлттық галерея.* Ирландияның Ұлттық галереясының негізі 1854 жылы қаланып, көпшілік үшін 1864 жылдан ашылған. Ғимараты архитектор Френсис Фоуктің жобасымен салынған, Меррион алаңында орналасқан. Музей қорында 14000 өнер туындысы, соның ішінде мүсіндер, қолданбалы өнер туындылары, 2500 майлы бояу жинақталған. Экспонаттардың көбін тұрғындар сыйға тартқан. Экспозицияда қайта өркендеу дәуірі (Фра Анжелико, Андреа Мантреньи, Тициан, т.б.), XVI ғасырдағы итальян, (Микеланджело да Караваджо, Гвидо Рени, Доменикино, Гверчино, т.б.), фламан, голланд (Кіші Питер Брейгел, Питер Пауль Рубенс, Якоб Иорданс, Антонис Ван Дейк, Рембрандт, Ян Вермеер, т.б.), британ (Томас Гейнсборо, Джошуа Рейнольдс, т.б.), француз (Никола Пуссен, Жан Оноре Фрагонар, Клод Моне, Камил Писсаро, т.б.) көркемөнері қойылған.

*Бельгия. Брюссель. Әсерлі өнер корольдық музейлері.* Брюссельдегі Әсерлі өнер корольдық музейлері қорындағы Бельгияның өнер тарихынан сыр шертетін туындылар қорын жинақтаған ірі музей. Оның құрамында Көне өнер музейі, Қазіргі заман өнер музейі, Виртц музейі, Менье музейі бар. Музей 1801 жылы Наполеон Бонапарт бұйрығымен Брюссель музейі ретінде құрылып, онда француз революционерлерінен тәркіленген өнер заттары сақталған. Коллекциялар базасы сыйға тартқан, сатып алынған бұйымдармен толықтырылып отырған. Көне өнер музейінде XV-XVIII ғасырлардың өнер туындылары жинақталған. Құндылықтар қатарында Рогир Ван дер Вейден, Петрус Кристус, Дирк Боутс, Ганс Мемлинг, Иеронимус Боск, Үлкен Питер Брейгель, Питер Пауль Рубенс, Якоб Иорданс, Антонис Ван Дейк еңбектері бар. Қазіргі заман музейінде XIX-XX ғасырлардың өнер туындылары қойылған. 6 қабаттан тұратын бұл музейде батысеуропалық суретшілер, мүсіншілер еңбектері сақталған, олардың қатарында Пьер-Огюст Ренуар, Альфред Сислей, Жорж Сера, Поль Синьяк, Эдуард Мане, Поль Гоген, Пьер Бонкара, Джеймс Энсор, Рика Ваутерс, Рене Магрит, Поль Дельво, т.б. шеберлер туындылары бар. Антуан Виртц және Константен Менье музейлері суретшілердің өздері тұрған үйлерінде орналасқан. Олар XIX ғасырдағы Бельгия өнерінің басты тұлғалары болып табылады.

*Прага. Ұлттық галерея.* Чехияның Прага қаласындағы Ұлттық галереясы Еуропадағы ірі музейлер кешенінің бірі. Музей 1949 жылы Өнер патриоттары қоғамы коллекциясы негізінде ашылған. Музейдің тұрақты экспозициясының өзі 7 ғимаратта орналасқан, олардың әрқайсысы мемлекеттің тарихи-мәдени құнды ескерткіші болып саналады. Музей сондай-ақ Вальдштейн манежінде, Ескі қала манежінде тұрақты көрме өткізіп тұрады.

Галереяның басты ғимараты Штернтерг сарайында антика дәуірінен соңғы барокко дәуіріне дейінгі өнер туындылары, икондар, көне шеберлер жұмыстары (Кіші Ганс Гольбейн, Альбрехт Дюрер, Үлкен Питер Брейгел, Рембрандт, Франс Хальц, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк, Эль Греко, Джованни Баттисо Тьеполо, Франсиско де Гойа, т.б. ) қойылған. Франческо Солименнің «Фаэтонның Аполлоннан күн арбасында жүруді сұрауы» атты алып фрескасы әлемдік құндылық болып саналады. Жәрмеңкелер сарайында XIX-XX ғасырлар өнері (Поль Сезанн, Клод Моне, Эдуард Мане, Поль Гоген, Винсент Ван Гог, Анри Матисс, Пабло Пикассо, Густав Климт, т.б.) экспозицияланған. Музей құрамында сондай-ақ Әулие Георгии ғибадатханасы, Әулие Анежки Чешский ғибадатханасы, Збраслав сарайы, Кинский сарайы, Қара Богоматеридегі үйі музейлері жұмыс жасайды.

*Венгрия. Будапешт. Көркемөнер музейі.* Будапешттегі Көркемөнер музейі Орталық Еуропаның өнер мектептерінің ескерткіштерінің мол қорын жинақтаған. Музей 1802 жылы жеке коллекционердің жинаған заттарынан және 1871 жылы алынған княз әулетінен шыққан бай Эстерхазидің жеке коллекциясы негізінде қаланған. Музей коллекциясы көпшілік үшін 1896 жылдан бастап ашылған. Музейдің қазіргі ғимараты 1900-1906 жылдары архитекторлар А.Шикеданц пен Ф.Ф.Херцогтың басшылығымен салынып, Батырлар алаңында орналасқан. Музейде 8 бөлім жұмыс істейді: Египет өнері, Антикалық өнер, Барокко дәуірі мүсіндері, Көне шеберлер жұмыстары, Суреттер мен гравюралар, XIX ғасыр өнері, XX ғасыр өнері, Қазіргі заман мүсіні. Қайта өркендеу дәуірі мен жаңа заман дәуірінің туындыларының итальян өнерінен Рафаэль, Тициан, Якоп Тинторетто, Паоло Веронез, Джованни Батиста Тьепело, испан өнерінен Эль Греко, Франсиско де Сурбарана, Бартолом Эстебан Мурильо, Франсиско де Гойа, Диего Веласкес, нидерланд және фламанд өнерінен Үлкен Питер Брейгел, Ганс Мемлинг, Якоб Йорданс, Франс Хальц, Рембрандт, Питер Пауль Рубенс жұмыстары, сондай-ақ суреттер мен гравюра бөлімінде 100000 экспонат, соның ішінде Леонардо да Винчи, Рафаэль Санти, Никола Пуссен, Винсент ван Гог, Пабло Пикассо, Альбрехт Дюрер, Кіші Ганс Гольбейн, Үлкен Лукас Кранах, Клод Лоррен, Шарл Дестье, Константин Менье жұмыстары қамтылған.

*Польша. Варшава. Ұлттық музей.* Варшава Ұлттық музейі — Польшадағы ірі өнер коллекциясы музейі, 1862 жылы негізі қаланған қолданбалы өнер музейі жинағы және басқа Варшава музейлерін біріктіру негізінде 1916 жылы ашылған. Музей қорында 800000-дай экспонат сақталған. Музейде Ежелгі өнер, Ортағасырлық өнер, Фарас галереясы, Шетел көркемөнері, Польша көркемөнері, Шығыс өнері, XX ғасырдағы Польша өнері, Польша қолданбалы өнері, Еуропа қолданбалы өнері бөлімдері жұмыс жасайды. Ежелгі өркениет өнері бөлімінде археологиялық экспедициядан алынған египет саркофағы, тас және ағаш мүсіндер, грек амфоры, Месопотамия қыш тақталары, т.б. заттар қойылған. Фарас галереясында Судан археологиялық экспедициясынан алынған Нубии құндылықтары, Фарас шіркеуінен алынған 60 фреска қойылған. Шетел көркемөнері экспозициясы XVI-XIX ғасырлардағы батысеуропалық шеберлер туындыларын

насихаттайды, олардың қатарында Мартен Ван Хемскерк, Адриан Врис, Питер Артсен, Карел Фабрициус, Питер Пауль Рубенс, Якоб Йорданс, Хендрик Тербрюгген, Питер Санредам, Виллем Клас Хеда, Ян Стен, Кіші Герард Терборх, т.б. жұмыстары бар.

**Сұрақтар:**

1. Еуропалық әсерлі өнер музейлерінің ерекшелігі.
2. Еуропадағы жаратылыстану музейлерінің экспозициялық ерекшелігі.
3. Еуропа музейлерінде әлем елдерінің археологиялық құндылықтары.

**Әдебиеттер:**

1. Музейная экспозиция. Теория и практика. Искусство экспозиции. Новые сценарии и концепции. – М., 1997.
2. Искусство музейной экспозиции и техническое оснащение музеев. – М., 1985.
3. Майстровская М.Т. Очерк развития современного экспозиционного дизайна (музеи искусств) // Музееведение. На пути к музею XXI века. - М., 1989.